



KEREK DEREK

2026 жылғы қаңтар-шілде айларында Қазақстанда 9143 тонна шай және кофе өндірілді. Оның 3829 тоннасы шай. Өңірлік бөліністе шай өндірісінің негізгі үлесі Алматы қаласына тиесілі – 92,1 пайыз. Елге шай өнімінің 18,3 мың тоннасы әкелінді. Алты ай ішінде 3,9 мың тонна шай мен кофе экспортқа шығарылды. Жалпы шай тұтыну көлемі бір адамға айына орта есеппен 100 грамды құрайды.

QYZYLJARDA NE JAŃALYQ?

ҚҰБЫР ЖАҢАРТЫЛЫП, ЖОЛ КЕҢЕЙТІЛМЕК

Өңір басшысы Ғауез Нұрмұхамбетов бас шаһардағы бірқатар нысанды аралап, жылу желілерін жаңғырту, ірі спорт сарайларын салу, жол-көлік инфрақұрылымын дамыту және абаттандыру бойынша жобалардың іске асырылу барысын тексерді.

Алдымен К.Сүтішев пен Ы.Алтынсарин көшелері бойымен өтетін жылу магистралінің жайымен танысты. 150-ден астам көппәтерлі тұрғын үйді жылумен қамтамасыз етіп отырған желі 90 пайызға тозған. 2027 жылға дейін құбырлар толықтай ауыстырылмақ. Жоба құны – 5,8 млрд. теңге. Игерілгені – 4 млрд. теңге.

Петропавлда тозу деңгейі 81 пайыздан асқан жылу желілерін ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, үш құбыр қалпына келтіріледі. Мемлекеттік бағдарламалар қаланың орталық бөлігін, Жұмысшы кентін, темір жол вокзалы маңын, сондай-ақ Жас өркен, Орталық және Береке шағынаудандарын қамтиды.

► 2

“

Жандос СӘЛІМОВ,
Су ресурстары және
иригация вице-министрі:

Министрлік құрылғаннан кейін топтық су құбырларын салу және реконструкциялау, сондай-ақ елді мекендерді ауызсумен қамтамасыз ету саласындағы мәселелерді шешу жұмыстары айтарлықтай жеделдетілді. Қазіргі уақытта 145 елді мекенді немесе 457,7 мың адамды қамтитын 14 жоба жүзеге асырылып жатыр.

SALTANATTY SÄT



МӘРТЕБЕЛІ МАРАПАТ

Биыл Қазақстан Республикасы Парламентінің құрылғанына 30 жыл толды. Осыған орай елімізде парламентаризмнің қалыптасуы мен заңнамалық жүйенің дамуына елеулі үлес қосқан солтүстікқазақстандықтарға құрмет көрсетілді.


► 2

SARAPTAMA

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ӨМІР

Кез келген мемлекет үшін шекара – оның тұтастығы мен қауіпсіздігінің кепілі. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік шекарасын халықаралық талаптарға сай бекітіп, оның шебін нақтылады. Қызылжар өңірінің Ресеймен арадағы шекарасы 1269 шақырымға созылып жатыр. Осы шекараның берік болуы оны күзеткен сарбаздарға ғана емес, сол жерде өмір сүріп жатқан халыққа да байланысты. Өйткені шекара бойындағы елді мекендерде адам көп болса, мемлекеттің шебі мығым деген сөз.

► 4



«АРАБЕСК» БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕС

► 9